**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы қабылдау комиссиясының төрағасы
_______________А. Жүдебаев
(2025 жылғы «30» «04»№ 10
Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02195 «ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Алматы, 2025 ж.**

**Құрастырушылар:**

1. Еспенова А.Т. - Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы;
2. Кенжебаева Л.А. - Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
3. Исламбаева З.У. – «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, өнертану кандидаты;
4. Айдар А.М. - «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, PhD;
5. Жанболат Ә. – «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі.
6. Ізімова А. – «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі;

«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы», «Театр өнерінің тарихы мен теориясы», «Кино тарихы мен теориясы» кафедраларының мәжілісінде талқыланды.

«06» 05 2025 жыл №10 хаттама

1.«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының
меңгерушісі ____________ Еркебай А.С.
2.«Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының
меңгерушісі ____________ Нөгербек Б.Б.
3. «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының
меңгерушісі ____________ Еспенова А.Т.

Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінде мақұлданған.

Төраға ____________Айдар А.М.

«13» 05 2025 жыл № 8 хаттама

КЕЛІСІЛДІ:
«Өнертану»
факультетінің деканы ____________Жаксылыкова М.Б.

«21» 05 2025 жыл №10 хаттама

# 6B02195 «ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1.Емтихан өткізудің мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының **мақсаты** – талапкердің өнердің тарихынан, оның негізгі (әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, драматургия, театр және кино) салаларынан, танымал өнер тұлғаларының шығармашылығынан білім деңгейін және мамандыққа деген қызығушылығын айқындау.

Қабылдау емтихандарының **міндеттері:**

- өнер салаларының барлық түрлерінің даму тарихынан, әлемдік және қазақ өнерінің тарихынан талапкердің дайындық деңгейін бағалау;
- бейнелеу өнері шығармаларына, пьесалар мен спектакльдерге, жеке фильмдерге көркем талдаулар жүргізудегі ойлау қабілетін айқындау;
- ауызша талдау және жазба жұмыстарында талапкерлердің өнер тарихынан, жаңа кезеңдегі өнертану, театртану, кинотану, драматургия, киносценарий материалдарынан білім деңгейін айқындау, өз ойын накты әрі тұжырымды жеткізу қабілетін анықтау;
- талапкердің мамандыққа қызығушылығы мен оның бейнелеу өнері, театр, кино және кинотеледраматургия мәселелері бағытында пікір-талас жүргізуге дайындық деңгейінің сәйкестігін, үміткерлерге қойылатын барлық талаптарға сай екендігін анықтау.

## 1.Шығармашылық емтихандар:

Талапкердің жазушылық-сыншылық қабілетін анықтау мақсатында шығармашылық емтихандар жазбаша және ауызша түрде өткізіледі.

**Жазбаша емтихан**. Жазбаша емтиханда талапкердің талдау жұмыс жазуына 3 сағат уақыт беріледі. Таңдап алған тақырыбына сай өнер туындысына (картина, пьеса, кино) сыни көзқарасын айқындау мақсатында рецензия жазу тапсырылады. Ал кинотеледраматургия бағыты бойынша тақырыпқа сай қысқа әңгіме жазу тапсырылады.

**Жазбаша емтихан талаптары:** Рецензия жазу барысында талапкер емтиханға таңдап алған өнер туындысын түсінуде өзіндік пікірін білдіріп, туындының құрылымдық ерекшелігін айқындап, шығарма авторларының идеясын, тақырыптық-мазмұндық деңгейін аша білуі шарт. Жазбаша жұмысты бағалау барысында туындының көркемдік ерекшелігіне, оның жалпы өнердің даму контекстіндегі маңызын біліп, ойын логикалық тұрғыда еркін жеткізіп, ұстанымын сенімді дәлелдей алуы қажет. Рецензияның жазылуында әдеби көркем тіл ерекшелігіне, мамандыққа деген қызығушылығына назар аударылады. Ал кинотеледраматургия бойынша әңгіме құрастырудың драматургиялық заңдылықтарын меңгеру деңгейі мен көркем мәтін құрастырудағы қабілеті ескеріледі. Жазбаша жұмыс көлемі – 3 бет.

**Ауызша емтихан** (билет бойынша). Талапкердің бейнелеу өнері, театр, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка салаларынан жалпы білім деңгейі айқындалады.

**Ауызша емтихан талаптары:**

**Талапкер білуі керек:**

- көркемөнердің (бейнелеу өнері, театр, кино, әдебиет, музыка, драматургия) даму заңдылықтарын;
- көркемөнер саласындағы елеулі оқиғалар мен құбылыстар жайында ауызша пікір айта алуы керек;
- өнер туындыларына құрылымдық сыни талдаулар жүргізуді;
- әлем және қазақ өнерінің танымал тұлғаларын, заманауи кезеңдегі суретшілер, режиссерлер, актерлер, киногерлер, сахнагерлер, ақын-жазушылар, өнер тұлғаларының шығармашылықтарын.

**Қабылдау емтиханының (ауызша) сұрақтары:**

1. Бейнелеу өнерінің қандай түрлері бар?
2. Композиция ұғымы нені білдіреді?
3. Бейнелеу өнерінің қандай негізгі жанрларын білесіз?
4. Мүсін өнерінің түрлері мен ерекшеліктері
5. «Колорит» дененіміз не?
6. Графика өнерінің түрлері мен ерекшеліктері
7. Қазақстан аумағындағы алғашқы өнер туындылары қай дәуірге жатады?
8. Кескіндеменің графикадан қандай айырмашылығы неде?
9. Монументалды мүсіннің қондырғылы мүсіннен айырмашылығы неде?
10. Андронов мәдениетінің өнерінде қандай ерекшеліктер бар?
11. «Алтын адам» ескерткіші қай жерден табылды және оның ерекшелігі неде?
12. Күлтегін ескерткіші қай дәуірге жатады және оның тарихи маңызы қандай?
13. Портрет жанры және оның түрлері
14. Мифологиялық жанрға не жатады?
15. Кескіндеме өнерінде қолданылатын материалдар
16. Сәндік-қолданбалы өнер түрлерін атаңыз
17. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тарихы
18. Әбілхан Қастеев шығармашылығындағы тұрмыстық жанр
19. Канафия Темір-Болатұлы Тельжанов және Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнері

20. Тұңғыш мүсінші Хакімжан Наурызбаев шығармашылығындағы Абай бейнесі
21. Суретші Сабыр Мәмбеев шығармашылығы
22. Кескіндемеші Молдахмет Кембаев шығармашылығы
23. Евгени Сидоркин шығармашылығындағы батырлар бейнесі
24. График суретші Исатай Исабаев шығармашылығындағы сат-дәстүр
25. Сандро Боттичелли шығармашылығы
26. Леонардо да Винчи шығармашылығы
27. Рафаэль Санти мен Леонардо да Винчи шығармашылығы
28. Микела́нджело Буонарро́ти шығармашылығы
29. Альбрехт Дюрер шығармашылығы
30. Диего Веласкес шығармашылығы
31. Театр сыншысының театр өнеріндегі ролі
32. Қазақ ұлттық өнер академиясының Темірбек Жүргенов есімін иелену себептері
33. Пьеса мен әңгіме арасындағы айырмашылық
34. Театр мен киноөнердің айырмашылығы
35. Театрдың негізгі түрлері (драма, қуыршақ, музыкалық және т.б.) және олардың ерекшеліктері
36. Спектакльді қою кезеңдері және оған қатысатын мамандар
37. Театр қойылымындағы сценографияның міндеті
38. Қуыршақ театры театр өнерінің жанры ретінде
39. Алғашқы қазақ кәсіби театрының ашылу тарихы
40. Қазақ театрының алғашқы режиссері
41. Қазақ театрының алғашқы актерлері
42. Мұхтар Әуезовтің қазақ театрына қосқан үлесі
43. Бейімбет Майлиннің шығармашылығы
44. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы
45. Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы
46. Шәкен Аймановтың шығармашылығы
47. Асқар Тоқпановтың шығармашылығы
48. Нұрмұхан Жантөриннің шығармашылығы
49. Әзірбайжан Мәмбетовтің режиссурасы
50. Болат Атабаевтың режиссурасы

51. Асанәлі Әшімовтің шығармашылығы
52. Қазақстанның әр қаласындағы қазақ театрлары
53. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ театрының дамуы
54. Қазіргі қазақ театр режиссерлерінің қызметі
55. Қазіргі қазақ актерлері
56. Уильям Шекспирдің шығармашылығы
57. Жан-Батист Мольердің шығармашылығы
58. Әлемдік театр сахнасындағы танымал мюзиклдер
59. М. Әуезов атындағы Ұлттық театрдың шығармашылық жолы
60. Ғ. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының шығармашылық жолы
61. Кинотанушының қызметі және кинотану ілімінің негізгі салалары
62. Фильм өндірісінің негізгі сатылары
63. Кино өнерінің пайда болуы: ағайынды Люмьерлер шығармашылығы
64. Шәкен Аймановтың кинодағы шығармашылығы
65. Кинотанушы Қабыш Сирановтың қазақ киносындағы орны
66. Орталық Біріккен киностудиялар тарихы
67. Кәсіби кинотанушы Бауыржан Нөгербек шығармашылығы
68. Кәсіби кинотанушы Бауыржан Нөгербек шығармашылығы
69. Деректі киноның басты ерекшіліктері
70. Қазақ анимациясының негізін қалаған Әмен Қайдаров шығармашылығы
71. Кинофестивальдар тарихы: «Евразия», «Шәкен жұлдыздары», «Байқоңыр»
72. Анимациялық киноның ерекшеліктері
73. Мәжит Бегалиннің биографиялық тақырыптағы фильмдері
74. Композитор Нұрғиса Тілендиевтің қазақ киносына қосқан үлесі
75. Қазақ киносының алғашқы актерлары
76. Нұрмұхан Жантөриннің кинодағы шығармашылығы
77. Абдолла Қарсақбаевтың фильмдері
78. Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмінің маңызы
79. Мәжит Бегалиннің фильмдері
80. Тарихи фильм мен тарихи-революциялық фильмнің жанрлық ерекшелігі
81. Белгілі қазақ кинодаматургтерінің шығармашылығы
82. Қазақ киносының «жаңа толқыны»: Серік Апрымов шығармашылығы
83. «Жаңа толқын» режиссерлары: Дәрежан Өмірбаев шығармашылығы

84. Қазақ киносындағы қысқа метрлы фильмдердің тақырыптық ерекшеліктері
85. Қазақ киносының жаңа буын режиссерлары: Әділхан Ержанов
86. Қазақ киносының жаңа буын режиссерлары: Эмир Байғазин
87. Заманауи кезеңдегі актерлық өнер: қазақ киносының актерлары
88. Жаңа кезеңдегі әлем киносының үздік туындылары (Еуропа)
89. Қазақстандағы веб-сериалдар өндірісі
90. Киноблогер ісі: Интернет платформалары
91. Бүгінгі кинорепертуар: қазақ киносының жаңа туындылары
92. А.Чеховтың шығармашылығы
93. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» шығармасының тақырыбы мен идеясы
94. У.Шекспирдің «Гамлет» трагедиясы
95. Ғ.Мүсіреповтың кинодағы шығармашылығы
96. «Көшпенділер» роман-эпопеясы
97. С.Торайғыровтың «Адасқан өмір» поэмасының негізгі ерекшелігі
98. «Алпамыс батыр» жыры және шарықтау шегі мен оқиға сипаты
99. О.Бөкеевтің шығармашылығы
100. Шәкен Аймановтың кинодағы шығармашылығы
101. Абайдың қара сөздерінің маңызы мен олардың бүгінгі күнмен үндестігі
102. Бүгінгі қазақ драматургтері
103. Жазушы Әкім Таразидің шығармашылығы
104. Қазақ жазушыларының шығармалары бойынша экрандалған фильмдер
105. Дулат Исабековтың шығармашылығы
106. Саин Мұратбековтың қазақ әдебиетіндегі орны
107. Бүгінгі қазақ сериалдарының тақырыптық жағдайы
108. Шоқан Уәлихановтың қазақ әдебиетіндегі орны
109. Жанр және оның түрлері
110. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының көтерген тақырыбы
111. Ыбырай Алтынсарин және балалар әдебиеті
112. Қазақтың кәсіби театр өнерінің қалыптасуы
113. Драматургтің негізгі қызмет мен бүгінгі қазақ драматургтерін атаңыз.
114. М.Әуезовтың шығармашылығы
115. Т.Әбдіковтің шығармашылығы
116. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің экрандалуы

117. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы
118. Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы
119. Тахауи Ахтанов және қазақ әдебиеті
120. Кино сценарист мамандығының сипаттамасы және ерекшеліктері

**3.Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

1. Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кишкашбаев Т.А., Шкляева С.А., Муратаев К.К., Елеукенова Г.Ш. История искусств Казахстана. Учебник. Алматы: Маркет, 2006.
2. Елеукенова Г.Ш. Очерк истории средневековой скульптуры Казахстана. Алматы, 1999.
3. Кушкуимаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. Алматы, 2001.
4. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана.Алматы, 2002.
5. 100 лет казахстанскому портрету. Живопись, графика, скульптура. Алматы, 2002.
6. Новоженов В.А. Петроглифы Сары-Арки. Алматы,2002.
7. Барманкулова Б.К. История изобразительного искусства Казахстана. В кн.: История искусств Казахстана: очерки. XIX-XX вв. II том, Алматы, 2004
8. Антология искусства Казахстана. Алматы, 2004.
9. История искусств Казахстана. Т.2, XIX-XX вв. Алматы, 2004.
10. Глаудинов Б.А. История архитектуры Казахстана. Алматы, 2009 г.
11. Шайкен Ж. Предпосылки развития изобразительного искусства. А., 2009.
12. Кадыров А. После третьего звонка.: сб. ст. – Алматы: 2007.
13. Тоқпанов А. Іңкәр дүние. Режиссердің ой толғамдары. – Алматы: Жалын, 1991.
14. Бөкей О. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2003. т. 2.
15. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі: 1993. – 336 б.
16. Жумасеитова Г. Страницы казахского балета. – Астана: Елорда, 2001.
17. Нұрпейіс Б.К. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005). Монография. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
18. Исламбаева З.У. Терістік және шығыс өңірлердегі қазақ театрларының дамуы. Монография. – Алматы: Тарих тағылымы, 2015. – 248 б.
19. Еркебай А.С. Қазіргі қазақ театры: тарихи спектакльдер. Монография. – Алматы: Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА, 2015. – 212 б.
20. Жақсылықова М.Б. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 384 б.

21. Ескендіров Н.Р. Театр көкжиегі. Монография. – Алматы: Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА, 2015. – 274 б.
22. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. Пьесалар. – Алматы: Өлке, 2003. – 4-том.
23. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: Өнер, 2001.
24. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы: Өнер, 2006.
25. Сығай Ә. Ой төрінде – театр. Алматы: КазАкпарат, 2008.
26. Сығай Ә. Талдықорған театры: іздену және қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Дәйт-Принтхаус, 2006.
27. Мұқан А. Қазақ опера театры (1980-2000 ж.ж.). – Алматы: Арда, 2008.
28. Қазақ сахнасының шеберлері. – Алматы: Таңбалы, 2010.
29. Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – А.: «КИЕ» Лингвоелтану орталығы, 2009.
30. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – А.: Әдебиет әлемі, 2013. – т. 23. – 418б.
31. Фрейлих С. «Теория кино». М., 2018.
32. Б.Нөгербек. Кино Казахстана. Алматы, 1998.
33. Абикеева Г. Казахское новое кино. Каталог. Алматы, 1998.
34. Кино Казахстана. Киносправочник. Алматы. 2000.
35. Нөгербек Б., Наурызбекова Г., Мұқышева Н. Қазақ киносының тарихы. Алматы, 2005.
36. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. Алматы, 2008.
37. Ногербек Б. На экране «Казахфильм». Алматы, 2008.
38. Кинотанушы Бауыржан Нөгербек. Алматы: Қазақ университеті. 2020.
39. Очерки истории казахского кино. Алма-Ата. 1980.
40. Рахманқызы Р. Тұлпардың ізі. Сценарийден фильмге дейін. Астана. 2018.
41. Кинотанушы Бауыржан Нөгербек. Алматы: Қазақ университеті. 2020.
42. Смайылов К. Қазақ киносының тарихы: оқу құралы / К. Смайылов. – Өңд. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 184 б.
43. Смайылов К. Фильм осылай туады: оқу құралы/ К. Смайылов. – Өңд. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 144 б.
44. Аймауытов Ж. «Пьесалар», Алматы, 1989
45. Серғалиев М. Сөз сарасы. А., 1989
46. Әуезов М. Әдебиет тарихы.А.,1991
47. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы.А., 1994
48. Кино и вся жизнь. Сборник статей. Алматы.1994
49. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. А.,1998.
50. Сығай Ә. Таңғажайып театр: эсселер. – Алматы, 2014.

**«ӨНЕРТАНУ» БББ бойынша шығармашылық емтихандарды бағалау критерийлері**

*(ең жоғарғы көрсеткіш 50 балл)*

| Балл | Дәстүрлі баға | Критерий |
|---|---|---|
| 44-50 | Өте жақсы (5) | емтиханға қойылған тиісті талаптардың барлығы аса жоғары деңгейде орындалған, берілген тапсырма көлемінде автордың тақырыптық мазмұн тереңдігі айқындалған, талдауында негізгі ойы нақты мысалдармен дәлелденгендігін көрсететін, ой жүйелілігін әдеби көркем тілмен жеткізе білген жазбаша (рецензия) жұмысқа және өзіндік пікірі қалыптасқан, ерекше ойлау жүйесін көрсете білген ауызша жауапқа қойылады. |
| 39-43 | Өте жақсы (5-) | емтиханға қойылған талаптардың барлығы жоғары деңгейде орындалған, жазбаша жұмысты (рецензия) орындауда шығарманың өзекті ойы мен тақырыбын дұрыс анықтауға деген талпынысы байқалған, шығарманың негізгі идеясын ашып көрсетуде жоғары ойлау жүйесін аңғартқан ауызша жауапқа қойылады. |
| 34-38 | Жақсы (4+) | емтиханға қойылған талаптардың барлығы жақсы деңгейде орындалған, жазбаша жұмысқа қойылатын талаптардағы талдаудың кейбір тұстары тыс қалып жатқан жазбаша (рецензия) жұмысқа және сөз саптау мәнері айтарлықтай жоғары деңгейде болмаса да, нақты талдауға талпыныс байқатқан ауызша жауапқа қойылады. |
| 29-33 | Жақсы (4) | емтиханға қойылған талаптардың басым көпшілігі жақсы деңгейде орындалған, шығарманы талдау барысында тіл байлығы, сөйлем құрауы, өз ойын жеткізуі жағынан емтиханның талаптарына сәйкес келмей жатқан жазбаша (рецензия) |

| | | |
|---|---|---|
| | | жұмысқа және кейбір сұрақтардың жауабы толық ашылмаған ауызша жауаптарға қойылады. |
| 24-28 | Жақсы (4-) | емтиханға қойылған талаптардың тең жартысы жақсы деңгейде орындалған, шығарманы талдау барысында өзіндік тұжырымдары байқалмаған жазбаша (рецензия) жұмысқа және сұрақтардың жауабы толық ашылмаған ауызша жауапқа қойылады. |
| 18-23 | Қанағаттанарлық (3+) | емтиханға қойылған талаптардың басым көпшілігі орта деңгейде орындалған, ауызша қойылған сұрақтарға толық жауап бергенімен жазбаша (рецензия) жұмысты орындауда ойдың шашыраңқылығы, нақты тұжырымның жоқтығы байқалған жұмысқа қойылады. |
| 12-17 | Қанағаттанарлық (3) | емтиханға қойылған талаптар толық орындалмаған, орташа деңгейдегі ауызша жауаптарға және бірізділік пен нақты тұжырымдар байқалмаған жазбаша (рецензия) жұмысқа қойылады. |
| 5-11 | Қанағаттанарлық (3-) | емтиханға қойылған талаптар толық орындалмаған, сұрақтарға нақты жауап бере алмаған қанағаттанарлық деңгейдегі ауызша жауапқа және орташа деңгейде жазылған шығармашылық (рецензия) жұмысқа қойылады. |
| 0-4 | Қанағаттанарлықсыз (2) | емтиханға қойылған талаптар мүлдем орындалмаған, сұрақтарға жауап бере алмаған ауызша жауапқа және төмен деңгейде жазылған шығармашылық (рецензия) жұмысқа қойылады. |